

Д 1. Кіріспе. Филология және лингвистикалық семиотика

Біздің зерттеудің негізгі объектісі – символ, ол лингвистикалық әдебиетте толығымен анықталмаған. Соған қоса, басқа ғылымдарда, философия, семиотика, психология, филология, мифопоэтика және фольклористикада, оның зерттелуіне өте үлкен көңіл бөлінген. Біз символға байланысты туындаған негізгі көзқарастарды жүйелеуді мақсат етіп қойғанымыздың негізгі себебі – осы көпбағытты құбылысқа тән барлық қасиеттерді көрсетіп және соларды лингвистикалық тәсілдер арқылы, соның ішінде құрылымдық семантика арқылы зерттеу. Таңбалық қасиетінен басқа гуманитарлық дәстүрде символдың образдылығы (икондылық), мотивтілігі, символдың мазмұнының комплекстілігі және мағыналарының теңдігі, символдың «имманенттік» көпмағыналылығы мен мағыналарының шегінің анық болмауы, архетиптілігі, жеке мәдениеттердегі универсалдығы және түрлі кезеңдер мен ұлттардағы символдардың қиылысуы (ұқсас болуы), мифология, әдебиет, өнер және басқа семиотикалық жүйелердің құрылымында орын табуы сияқты қасиеттері көрініс тапқан; соған қоса, символикалық және тілдік шындықтың қатынасы және символдың тіл мен сөйлеудегі орны зерттелген. Біздің осы мақалада қарастыратынымыз – символдың образдылығы мен мотивтілігі. Символға қатысты анықтамалардың ішінен бізге семиотикалық анықтама әлдеқайда релевантты көрінеді (себебі семиотика жалпығылымдық пән ретінде кез-келген таңбалық концептілерге анықтама береді), сондықтан біз оны неізге аламыз. Осындай көзқарас арқылы «символ» терминіне екі негізі ұғым белгіленеді: формалды-семиотикалық және формалдылогикалық мағынада ол: а) таңбалаушы мен таңбаланушының арасында шартты түрде байланыс орнататын таңба, яғни материалды бірлікті көрсететін (единство материально выраженный) таңбалаушы мен абстрактілі таңбаланушы конвенционалды, шартты байланыс негізінде танитын, немесе б) формалы-тілдік бейнелеудің графикалық таңбасы (мысалы, NP және VP, грамматикалық категорияны көрсетеді); 2) кең семиотикалық мағынада символ өзінің алғашқы мазмұнын өзге бір нәрсенің формасы ретінде қолдануды жөн көретін белгі, яғни әлдеқайда абстрактілі және ортақ мазмұнды, бұл жерде екінші мағынасы аса тілдік ұғымды көрсете алмайды, алғашқысымен ортақ таңбалаушы арқылы бірігеді [1, 34]. Бұл анықтамамен Ю. Лотманның анықтамасы ұқсас. Оның айтуы бойынша символ «өзге бір мазмұнды көрсететін, көбінде мәдени тұрғыдан маңызды болып келетін белгілі бір мазмұнмен» байланысты» [2, 11]. Осы екінші мағынадағы «символ» термині біздің көңіл бөлетін объектіміз болып табылады. Символдың барлық қасиеттерін ашу үшін оның «семиотикалық» анықтамасын өзге ғылымдарда берілген анықтамалардың көмегіне жүгіне отырып кеңейту керек. Таңбалық қасиетінен басқа гуманитарлық дәстүрде символдың образдылығы (икондылық), мотивтілігі, символдың мазмұнының комплекстілігі және мағыналарының теңдігі, символдың «имманенттік» көпмағыналылығы мен мағыналарының шегінің анық болмауы, архетиптілігі, жеке мәдениеттердегі универсалдығы және түрлі кезеңдер мен ұлттардағы символдардың қиылысуы (ұқсас болуы), мифология, әдебиет, өнер және басқа семиотикалық жүйелердің құрылымында орын табуы сияқты қасиеттері көрініс тапқан; соған қоса, символикалық және тілдік шындықтың қатынасы және символдың тіл мен сөйлеудегі орны зерттелген. Бұл мақалада символдың образдылығы мен мотивтілігін қарастырамыз:

Әдебиеттер:

1. Тұңғышбаева Ғ.Ж. "Прагматика" ұғымының мағынасы мен қолданылу аясы // ҚазҰУ №6 (130). 2010
2. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: 2008.
3. Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығарылатын газет материалдары бойынша). – Фил. ғыл. канд. диссертациясы. – Алматы, 2000.
4. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматилистикасы. – Алматы: Зият-Пресс, 2007.
- 5 Оразбаева Ф. Тілдік коммуникацияның негіздері. Алматы Республикалық баспа кабинеті, 1995
- 5 Пәзіл Ә.Ә. Оқушылардың ауызша сөйлеу қабілетін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: автореферат – Алматы, 2016.

Д 2. Филология және герменевтика

Герменевтика (гр. hermēneutikos – түсіндіру, талқылау)[1] — түсіндірудің теориясы мен әдістемесі,[2][3] мәтіндерді (текст) түсіндіру өнері. Ол көбіне діни мәтіндерді, әдеби шығармалардағы даналықтарды, философиялық мәтіндерді түсіндіреді.[4][5] Саяси консалтингте, мәтіндерді түсіндіріп анализдеуде және адамның немесе әлеуметтік топтың hareketін анализдеуде қолданылады.[6] Герменевтика тек тіке түсіну сәтсіз болғанда қолданылатын түсіндірмелік қағидалар мен әдістер ғана емес, ол түсіну және коммуникация өнерін (art) де қамтиды.[7]

Қазіргі герменевтика вербалды және бейвербалды коммуникацияларды қамтиды[8][9], сондай-ақ семиотиканы, болжауды және алдын білуді қамтиды. Герменевтика гуманитарлық ғылымдарда, әсіресе құқық, тарих және теологияда кең қолданылды.

Бастапқыда герменевтика библияны түсіндіруде, тәпсірлеуде (экзегетика) қолданылған, кейін жалпы түсіндіру мәселелеріне кеңейген.[10] Герменевтика мен Экзегетика терминдері кейде ауысып қолданыла береді. Герменевтика кең салалы пән болып, ол жазбашаны, вербалдылықты және бейвербалдылықты қамтиды.[8][9] Экзегетика көбінесе мәтіндегі сөздер мен грамматикаға назар аударады.

Герменевтика ежелгі антикалық дәуірде көне ақындардың (ең алдымен – Гомердің) шығармаларындағы рәміздерді, таңбаларды, құпиялап айтуларды түсіндіру тәсілі ретінде қалыптасқан. Орта ғасырларда Библиядағы көркем бейнелер мен меңзеп айтуларды түсіндіруге байланысты герменевтиканы діни өкілдер жан-жақты қолданған. Қайта Өрлеу дәуірінде Герменевтика антиктік мәдени мұралардың тілін тірі, сол замандағы мәдени тілге аудару мақсатында пайдаланылған. Ф.Шлейермахер еңбектерінде Герменевтика Қасиетті Жазу мәтіндеріндегі астарлы тілді Жаңаша түсіндіру үшін кеңінен пайдаланылды. Ол үшін догматтар мен рәміздер діндарлық сезімдер болып табылады, дамушы діни тәжірибе сенімінің субстанциясына айналды. Шлейермахер қазіргі философиялық ұғымдарды қолдану тәжірибесі арқылы ескі діни мәтіндерге жаңа мазмұн беруге болады дейді. Қазіргі мәдениеттануда Герменевтика "тұлғалық түсінуші тәжірибемен" (Г.Гадамер) байланыстырылады. Гадамер бойынша, тарихи құрылымдар мен мәдени деректерді түсіндіру тіл мүмкіндіктеріне негіз болған.[11]

Әдебиеттер:

1. Тұңғышбаева Ғ.Ж. "Прагматика" ұғымының мағынасы мен қолданылу аясы // ҚазҰУ №6 (130). 2010
2. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: 2008.
3. Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығарылатын газет материалдары бойынша). – Фил. ғыл. канд. диссертациясы. – Алматы, 2000.
4. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматилистикасы. –Алматы: Зият-Пресс, 2007.
- 5 Оразбаева Ф. Тілдік коммуникацияның негіздері. Алматы Республикалық баспа кабинеті,1995
- 5 Пәзіл Ә.Ә. Оқушылардың ауызша сөйлеу қабілетін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: автореферат – Алматы, 2016.

Д 3. Филология және лингвомәдениеттану

Мәдениаралық қатысым мазмұнының, нысандарының және шарттарының көпқырлылығы мәдениаралық қатысым теориясын жасауға ғылымдар тоғысындағы лингвистер, антропологтар, әлеуметтанушылар, психологтар және басқа мамандардың бірлесе зерттеуіне жол ашты. Мәдениаралық қатысым құбылысының пәнаралық табиғаты және құрылымының күрделілігі түрлі білім саласындағы мамандарды біріктірді. Түрлі мәдениеттер арасында өзара ақпаратты алуға және беруге кедергі келтіретін факторлар саны назар аудартады. В. Гудикунсттің және Й. Кимнің пікірінше, мұндай деректерге қарым-қатынасқа түсушілердің психо-мәдени, әлеуметтік -мәдени және жалпы мәдени ерекшеліктері, сондай-ақ, қоршаған ортаның әсері жатады. Психо-мәдени

ерекшеліктерге адамдардың өмір сүру жүріс-тұрысы, құндылықтары, әр түрлі деңгейде бекітілген нормалары (әдет-ғұрып, салт-дәстүр, заң), нысандары және бағалау тәсілдері жатады. Әлеуметтік- мәдени ерекшеліктер белгілі бір әлеуметтік ұйымға (әлеуметтік рөлдер, топтар, мәртебелер және т.б.) қатыстылығы арқылы көрінеді. Біздің көзқарасымыз бойынша, мәдениаралық қатысымды лингвистикалық феномен ретінде зерттеу ерекше рөл атқарады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі әлемде мәдениаралық өзара қатынас әртүрлі салада: мемлекетаралық қатынастарда, кәсіпкерлік, ғылыми және білім беру қызметінде, тұлғааралық тілдесу деңгейінде жүзеге асырылады. Сондықтан мәдениаралық өзара әрекет етудің түрлі аспектілері – діниаралық диалог, жаһандану кезеңінде мәдениеттердің ұқсастығы, мәдениеттің мақсаты ретінде диалогтың орны, мәдениаралық диалогтың стратегиялары және т.б. түрлі ғылым салаларының зерттеу нысаны болып тұр. Мәдениаралық қатысым әлем халықтарының көптеген бірегей мәдениеттерінен тұратын әлемдік өркениеттің тұтастығы мен бірлігін аша түседі. Қазіргі уақытта мәдениаралық қатысымның мәселелері пәнаралық деңгейде, мәдениеттану, әлеуметтану, психология және т.б. сынды түрлі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар аясында қолға алынған. Сонымен бірге, әлі күнге дейін мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері қазақ тіл білімінде арнайы зерттеу нысаны болған емес. Әртүрлі мәдениет өкілдерінің қарым-қатынасқа түсушілері өзге тілдік нұсқаларды және дискурсивтік стратегияны пайдаланады. Тіл бірліктеріндегі мәдени семантика және тілдесу жағдайының күрделілігіне қарай этномәдени құбылыстарды тілдік фактілермен жүйелі сипаттап, жан-жақты қарастыру керек. Осыған байланысты, бұл зерттеу жұмысының өзектілігі мәдениеттер диалогының ауқымын кеңейту және жаһандану жағдайында дискурсты ұйымдастыру тетігі мен тәсілдеріне кіретін мәдениаралық қатысымның лингвистикалық негіздері қарым-қатынас қызметін зерттеудің басты факторы болып қалады. Зерттеу жұмысының теориялық негізін М. Беннеттің, М. Хупстың, В.С. Библердің, В.П. Фурманованың, В.П. Кузовлевтің, С.Г. Тер-Минасованың, В.В. Красныхтың, Д.Б. Гудковтың, И.Э. Ключановтың, Л.Н. Ваулианың, Л.И. Гришаеваның, А.П. Садохиннің, О.А. Леонтовичтің еңбектері құрайды. Қазақстанда мәдениаралық қатысымның дамуының алғышарттары А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Е.Н. Жанпейісов, Ө.Т. Қайдаров, М. Копыленко, Э.Д. Сүлейменова, Р.Ғ. Сыздықова және т.б. қазақстандық лингвистика ғылымының белгілі өкілдерінің еңбектерінде қаланған.

Әдебиеттер:

1. Тұңғышбаева Ғ.Ж. "Прагматика" ұғымының мағынасы мен қолданылу аясы // ҚазҰУ №6 (130). 2010
2. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: 2008.
3. Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығарылатын газет материалдары бойынша). – Фил. ғыл. канд. диссертациясы. – Алматы, 2000.
4. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматистикасы. –Алматы: Зият-Пресс, 2007.
- 5 Оразбаева Ф. Тілдік коммуникацияның негіздері. Алматы Республикалық баспа кабинеті, 1995
- 5 Пәзіл Ө.Ө. Оқушылардың ауызша сөйлеу қабілетін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: автореферат – Алматы, 2016.

Д 4. Филология саласындағы зерттеу әдістемесі

Концепт, біріншіден, жалпы адамзаттың, осы тілде сөйлеуші жеке адамның мәдени тәжірибесіне, білім қоры мен дағдысына байланысты; екіншіден, концепт көрінетін нақты контекстке тәуелді. Концептінің кейбір мүмкіндіктерін, адресат арқылы қабылдануын контекст белгілі бір жағдайда шектеуі де мүмкін. Сонда концепт арқылы берілетін менталды таным кейде тілдің шеңберінен де шығып кетеді. Бұл жерде контекстің тасасындағы «тілден тыс мағына» іске қосылады. Концептосфера жасауда жазушылар (ақындар), фольклор жеткізушілер, жеке кәсіп иелері мен діни сословие өкілдері басты рөл атқарады деген пікірлер де бар. Тілдің байлығы «сөздік қордың» көлемімен ғана емес, концептуалдық әлемнің, концептуалдық аяның байлығымен де өлшенеді. Неліктен қазақ тілінде көп сөздер термин жасауға, жаңа сөз жасауға бейім емес. Біздің ойымызша, оның себебі ол сөздердің семантикасында құлыпталған

таным аясы өте кең, салмағы ауыр да күрделі, ал терминдер нақтылық пен бірмағыналылықты талап етеді.

Концепт пен сөз мағынасының арақатынасын айқындау семантикалық талдау мен концептуалдық талдаудың ерекшеліктері арқылы да көрінеді. Себебі жеке сөздің семантикасын түсіндіру концептуалдық талдаумен іргелес, бірақ екі талдаудың нәтижелері екі түрлі: егер біріншісі сөздің семантикалық құрлымын жасауға, сөздің денотативтік, сигнификативтік, коннотативтік мағыналарын нақтылауға арналса, концептуалдық талдау белгілі бір тілдік таңбада жинақталған жалпылама концептілерді көрсетеді, таңбаның табиғатын белгілі когнитивтік құрылымда айқындайды. Семантикалық талдау сөзді түсіндіріп, анықтауға қызмет етсе, концептуалдық талдау дүниені тануға бағытталады. Сондықтан біздің зерттеуімізде жыраулар тіліндегі базалық концептілер жекеленген сөздердің семантикалық өрісінен де өзге, ұлттық таным мен «білімдік аяны» танытатын мәдени мәтіндер аясында талданады.

Әдебиеттер:

1. Тұңғышбаева Ғ.Ж. "Прагматика" ұғымының мағынасы мен қолданылу аясы // ҚазҰУ

№6 (130). 2010

2. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: 2008.

3. Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығарылатын газет материалдары бойынша). – Фил. ғыл. канд. диссертациясы. – Алматы, 2000.

4. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматилистикасы. – Алматы: Зият-Пресс, 2007.

5 Оразбаева Ф. Тілдік коммуникацияның негіздері. Алматы Республикалық баспа кабинеті, 1995

5 Пәзіл Ә.Ә. Оқушылардың ауызша сөйлеу қабілетін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: автореферат – Алматы, 2016.

Д 5. Тіл біліміндегі парадигмалардың ауысуы мәселесі. Білімнің жаңа парадигмасы және ондағы лингвомәдениеттанудың орны.

Жалпы тіл білімінде лингвистиканың ерекше саласы типологияның жаңа үрдістерін талдауда және оның орны, ролі, мақсат-міндеттерін анықтауда үш түрлі бағыт қалыптасқан:

- типологияны компаративистиканың бір тарауы, кезкелген тілді ішкі құрылымына байланыссыз салыстыратын ғылым ретінде түсіндіреді [1];

- лингвистикалық типология өзінің зерттеу пәніне салыстырудың барлық түрін, яғни генетикалық, құрылымдық, ареалды және салыстырмалы типологияны қамтитын жеке ғылыми пән ретінде интерпретацияланады [2];

- лингвистикалық типология ғылыми пән ретінде ұғынылады, алайда «тілдерді құрылымдық зерттеуден» (контрастивті лингвистика мен сипаттамалы лингвистикадан) түбегейлі ерекшеленеді. Әртіпті тілдерді салғастыруда таңдап алынған критерийлер – «контенсивті типологиядағы» субъективті-объективті қатынастар [3;4]; «жүйелі типологиядағы» детерминанттар [5;6;7], яғни тілдерді салғастырғандағы қандай да бір зерттеудің мақсаты анық болып, белгілі бір параметрлерге негізделгенде ғана типологиялық зерттеу болып саналады.

Әрбір тілдің тілдік элементтердің (фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін) ішкі динамикасын, синхрондық және диахрондық бір-біріне бағыныштылығын, сәйкестілігін ашып

көрсету үшін тілдік жүйенің басымдық сипатын, басым белгісін – оның доминанттық белгісін анықтап білу керек. Мысалы, біздің пайымдауымызша, қазақ тілінің көзге бірден түсетін басым белгі-сингормонизм заңы болса, орыс тілінің доминантты белгісі-екпін. Г.П.Мельников алғаш рет семит тілдерінің оның ішінде Лингвистиканың өзекті мәселелері араб тілінің құрылысын жүйелі лингвистика тарапынан қарастырып, ол тілдің басым белгісі яғни детерминанты жайында «тенденция к максимальной мотивированности слов сдеривационным значением, выраженным морфологически» [8,212], деп пайымдаған. Семит тілдері құрылысының ерекшеліктерін, сонымен қатар, қытай және ағылшын тілдерінің грамматикасын, лексикасын зерттеу барысында ол тілдерде кездесетін

деңгейаралық және деңгейлік корреляция құбылысын типологиялық ерекшеліктерінің бірі ретінде атап көрсеткен. Бертін келе автор семит тілдерінің детерминантын максималды «грамматикализация» тұрғысынан түсіндірді. Оны семит тілдерінің әрбір сөз формасы мүмкіншілігінше формалды деривациялық бір буыннан өрбіген, өзіндік нақты жасалу жолы сараланған туынды сөздер болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Тұңғышбаева Ғ.Ж. "Прагматика" ұғымының мағынасы мен қолданылу аясы // ҚазҰУ №6 (130). 2010
2. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: 2008.
3. Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығарылатын газет материалдары бойынша). – Фил. ғыл. канд. диссертациясы. – Алматы, 2000.
4. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматилистикасы. –Алматы: Зият-Пресс, 2007.
- 5 Оразбаева Ф. Тілдік коммуникацияның негіздері. Алматы Республикалық баспа кабинеті, 1995
- 5 Пәзіл Ә.Ә. Оқушылардың ауызша сөйлеу қабілетін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: автореферат – Алматы, 2016.

Д 6. Зерттеу кезеңдерін (дайындық, негізгі, қорытынды) таратыңыз қатысты міндеттер

Өте қызық жағдайды бастан өткермексіз. Зерттеу жобаңызды әзірлеу мүмкіндігі туды. Процесті басқарып, шешім қабылдауға сақадай сай дайынсыз. Бірақ, бір жағынан, іске білек сыбана кірісіп кетуге жүрегіңіз дауаламайды. Себебі зерттеу жүргізудің кәнігі маманы емессіз. Ал сізге тақырып таңдап, зерттелетін мәселені қарастырып, этикалық талаптарды ескеріп, әдебиеттерді іріктеп, әдіснамалық тәсіл әзірлеп, әдістерді жоспарлап, нақты ұсыныс жасап, респонденттерді тауып, дерек жйнап, оны талдап, жазып шығу керек.

Мұндай жағдайда сізді «Бәріне қалай үлгеремін?» деген сауал мазалайтыны анық. Оған бола қынжылмаңыз, бәріне де осындай ой тыныштық бермейді. Мұның шешімі оп-оңай. Бакалавр дәрежесін алу үшін диплом жұмысын жазсаңыз да, доктор дәрежесін алу үшін жоба әзірлесеңіз де шешімі - біреу. Әр қадамды рет-ретімен жүргізіңіз. Зерттеу жүргізудің қысыны мен ырғағы бар. Сол қысын мен ырғақты біліп қана қоймай, сенімді әрі білікті түрде пайдалана алу да керек.

ЗЕРТТЕУ ӘЛЕМІНЕ ТЕРЕҢДЕУ 15

Әрине, зерттеуді бастағанда әрбір адам жүрексінеді. Саналы түрде аңғармасаңыз да, зерттеу жобасын әзірлеу кезінде білім алу сапарында жаңа сатыға көтерілесіз. Бұған дейін білім тұтынушысы болып келген едіңіз. Енді жеткілікті ақпаратты есте сақтап, өндеп, синтез жасауды үйрендіңіз. Бұл ағдының арқасында әрбір ақпаратты талдап, тіпті оны сын тезінен өткізе де аласыз. Зерттеу жүргізу - мүлде жаңа әлем. Себебі ендігәрі сіз білім тұтынушыдан білім өндірушіге айналасыз. Ақиқатты тауып, өзгеге жеткізе алатын тұлға боласыз. Жаңа дағдының арқасында білігіңіз бен жауапкершілігіңіз арта түседі. «Зерттеу туралы біліп қана қою жеткіліксіз екен, енді өзім де зерттей бастауым керек» деген жаңа мақсатқа ұмтыласыз.

Әдебиеттер:

1. Тұңғышбаева Ғ.Ж. "Прагматика" ұғымының мағынасы мен қолданылу аясы // ҚазҰУ №6 (130). 2010
2. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: 2008.
3. Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығарылатын газет материалдары бойынша). – Фил. ғыл. канд. диссертациясы. – Алматы, 2000.
4. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматилистикасы. –Алматы: Зият-Пресс, 2007.
- 5 Оразбаева Ф. Тілдік коммуникацияның негіздері. Алматы Республикалық баспа кабинеті, 1995

5 Пәзіл Ә.Ә. Оқушылардың ауызша сөйлеу қабілетін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: автореферат – Алматы, 2016.

Д 7. Тіл біліміндегі парадигмалардың ауысуы мәселесі. Білімнің жаңа парадигмасы және ондағы лингвомәдениеттанудың орны

Қазіргі лингвистиканың басты ерекшелігі тіл иесінің қолданысындағы тілдің жүйелік және құрылымдық жағына емес, қатынас құралы ретіндегі қызметіне бағытталуымен сипатталады. Осымен байланысты, қазақ тіл білімінде де тілдік қатысымның субъектісіне баса назар аударылып, тілдің нақты қарым-қатынас жағдайындағы жұмсалымын адресанттың ойы мен адресатқа қарым-қатынасын жеткізуші экспрессивті құралдар жүйесін және коммуникацияны тіл арқылы өзара әрекеттесу тәсілі ретінде қарастыратын ғылым ретінде прагматикаға қызығушылықтың артуы байқалады.

XX ғасырдың соңғы ширегінде өріс алған антропоэзектік парадигма аясында кеңінен зерттеле бастаған прагматика мәселесі XXI ғасыр басында ерекше қарқынмен дами отырып, тұтастай алғанда, лингвистиканың семантикалық және функционалды аспектісіне көбірек бағдарлануына да өзіндік ықпалын тигізді. Зерттеушілер назары тілдің жүйелік қасиеттерінен біртіндеп оның қолданылу үдерісі мен діттемесін тануға ауысты. Сондықтан ғарым-қатынас барысындағы ақпаратты жеткізуші сөз туындысы, мәтін түзу (адресат), оны қабылдау (адресант-оқырман) т.б. мәселелерді бір тұтастықта қараудың маңызы зор. Осымен байланысты қазіргі тіл білімінде қалыптасқан қазақ этносының бітім-болмысын тіл арқылы тануға мүмкіндік беретін антропоэзектік бағыттағы зерттеулердің аясында сөз құдіретінің сапалық деңгейі жан-жақты ашылатын дара тілдік тұлғалардың шығармашылық тілін (көркем мәтін тілін) зерттеудің мәні ерекше. Соған сәйкес, көркем тілдің коммуникативтік-прагматикалық әлеуетін антропоэзекті парадигмада зерттеу нысанына «тілдік тұлға» ұғымының төңірегінде шоғырланған мәселелер, атап айтқанда, оның поэтикалық мәнмәтінді (контексті) құратын психологиялық болмысы, шығармаларындағы автордың дүниетанымдық бейнесі, этно-мәдени және әлеуметтік ерекшеліктері т.б. тұтасқан кеңістігі, концептуалды өрісі алынады. Осы тұста қаламгер интенциясы оқырманның санасында орныққан когнитивтік жүйесімен қалай сабақтасқанын, яғни автор не себепті белгілі бір ойын жеткізу үшін мәтінде дәл осы сөзқолданысты таңдағанын түсіндіру аса маңызды. Осындай күрделі мәселенің шешімі, сайып келгенде, автордың өз шығармасын жазу барысында алға қойған прагматикалық діттеміне сай мәтіндік сөз кестесін қалай өргенін дәйектейтін тұтас арқауды табуға байланысты зерттеулер жүргізуді қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. Тұңғышбаева Ғ.Ж. "Прагматика" ұғымының мағынасы мен қолданылу аясы // ҚазҰУ №6 (130). 2010
2. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: 2008.
3. Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығарылатын газет материалдары бойынша). – Фил. ғыл. канд. диссертациясы. – Алматы, 2000.
4. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматилистикасы. –Алматы: Зият-Пресс, 2007.
- 5 Оразбаева Ф. Тілдік коммуникацияның негіздері. Алматы Республикалық баспа кабинеті, 1995
- 5 Пәзіл Ә.Ә. Оқушылардың ауызша сөйлеу қабілетін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: автореферат – Алматы, 2016.

Д 8. Тіл және мәдениет: өзара әрекеттесу мәселелері.

Қарым-қатынастың басты мақсаты – әрқайсысының өзіндік даралығын сақтай отырып, өзара әрекеттесетін мәдени тасымалдаушылардың бірлігіне қол жеткізу. «Мәдениетаралық коммуникация – бұл әртүрлі мәдениеттерге жататын екі қатысушысының коммуникативті әрекет

кезіндегі өзара адекватты түсінісуі» [1]. Мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілікті дамыту дегеніміз – түрлі мәдениеттердің өкілдері арасында үйлесімді және өнімді қатынастар құру қабілетін дамыту. Алайда, мұндай байланыстардың бұзылуына әкелетін «мәдени кедергілер» де бар. «Мәдени кедергілердің» негізгі себептері айқын айырмашылықтардан тыс, түрлі мәдениет өкілдерінің өзіндік көзқарастары, таным-түсінігі мен дүниетанымының болуы, әлемге және басқа адамдарға деген түрлі қарым-қатынастары, сондай-ақ, басқа мәдениеттерді төл ұлттық мәдениетінің призмасы арқылы қабылдауының астарында жатыр. Мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру үшін үйретіліп жатқан тілдің лексикалық-грамматикалық бірліктерінің белгілі бір жиынтығын игеріп қана қоймай, олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін, олардағы ұлттық-мәдени коннотацияларды мағыналарды түсіну қажет. Бұл, өз кезегінде, белгілі бір халықтың тарихын, оның мәдениетін, мифологиясын, дәстүрлері мен құндылықтарын терең білместен, сондай-ақ олардың тілде қалай бекітіліп, өрнектелетінін меңгермейінше мүмкін емес. «Сонымен, біз тілді тұтынушы әлемін, мәдениетін сөздің кең этнографиялық мағынасында, олардың ұрмыс-тіршілігін, ұлттық сипаты мен менталитетін тереңірек және мұқият зерттеу қажеттілігі туралы айтып отырмыз» [2, 35-б.]. Америкалық лингвист, мәдениеттанушы және антрополог Эдвард Холл «мәдениетаралық коммуникация» бағытының ғылыми негізін қалаушы болып саналады. Бұл мәселені зерттеу қажеттілігі этносаралық қақтығыстардың, дипломатиялық байланыстардың сәтсіздігінің себептерін анықтау және мәдениетаралық коммуникация жағдайында туын дайтын мәселелерді шешу себептерінен пайда болды. Тілдерді мінсіз білу де, туындаған мәселелерді шеше алған жоқ. Осыған байланысты тек тілдерді ғана емес, басқа халықтардың мәдениеттерін, олардың әдет-ғұрыптарын, дәстүрлерін, мінез-құлық нормаларын зерттеу қажеттілігі туралы түсінік қалыптасты [3, 310-б.]. Э. Холл мен Д. Трейгер «Culture as Communication/Мәдениет қарым-қатынас ретінде» кітабында «мәдениетаралық коммуникация» терминін бірінші болып кеңінен қолдануды ұсынды. Олардың пікірінше, бұл адамдар арасындағы қатынастардың ерекше саласын бейнелейді және олар бұл құбылысты тәуелсіз «сюжет» ретінде қарастырды. Авторлар қарым-қатынасты әр адам қоршаған әлемге сәтті бейімделу үшін ұмтылуы керек идеалды мақсат ретінде ұсынды [4]. Жаңа бағыт көптеген ғылым салаларының және көптеген ғалымдарының қызығушылығын тудырды. Олардың көпшілігі Холлдың идеялары мен көзқарастарын дамытты, нәтижесінде мәдениетаралық коммуникация шеңберінде бірнеше бағыттар мен әртүрлі көзқарастар пайда болды. Ғалымдар Г. Колс, В. Гудикунст пен Р. Хаммер, М. Пейдж және Дж. Мартин, М. Хопс, М. Беннетт, тағы басқалар «мәдениетаралық коммуникация» пәнін оқытуды бастады және осы пәнді оқытудың өзіндік тәжірибесімен бөлісіп, мәдениетаралық оқытуды ұйымдастыратын модельдер ұсынды. Олардың ішіндегі ең танымалдары – М. Беннет және М. Хопс модельдері [3, 310-б.]. Мәдениетаралық коммуникация саласындағы жетекші сарапшылардың бірі М. Беннеттің (2004) пікірінше, адамның мәдениетаралық сезімталдығын дамыту қажет. Зерттеуші шетелдік мәдениетті дамыту моделін құрды, мұнда сенсорлық қабылдау мен мәдени ерекшеліктерді түсіндіру – мәдениетаралық сезімталдыққа баса назар аударылды. Мәдени айырмашылықтарды сезіну, Беннеттің пікірінше, бірнеше кезеңнен тұрады. Ол бұл процесті этноцентризмнен этнорелятивизмге біртіндеп көшу процесі ретінде ұсынды

Әдебиеттер:

1. Тұңғышбаева Ғ.Ж. "Прагматика" ұғымының мағынасы мен қолданылу аясы // ҚазҰУ №6 (130). 2010
2. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: 2008.
3. Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығарылатын газет материалдары бойынша). – Фил. ғыл. канд. диссертациясы. – Алматы, 2000.
4. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы. –Алматы: Зият-Пресс, 2007.
- 5 Оразбаева Ф. Тілдік коммуникацияның негіздері. Алматы Республикалық баспа кабинеті, 1995
- 5 Пәзіл Ә.Ә. Оқушылардың ауызша сөйлеу қабілетін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: автореферат – Алматы, 2016.

Д 9. Шет тілін лингвомәдениеттану тұрғысынан сипаттау.

Тіл мен мәдениет арақатынасын зерттейтін тіл білімінің жаңа бағыттарының бірі – лингвомәдениеттану. Лингвомәдениеттану – қазіргі тіл білімінде кеңінен қолданыс тауып келе жатқан антропоцентристік бағытпен, яғни сол тілдің иесі болып табылатын адаммен, тілдің функционалды қолданыс табатын әлеуметтік орта, тарих, мәдениет пен танымдық процестермен байланыстыра зерттеу үрдісінің нәтижесі болып табылатын тіл мен мәдениеттің өзара байланыс тетіктері мен жалпы ұлттық дүниетаным, ұлттық мәдениеттің тілдегі көрінісін зерттейді.

XX ғасырдың соңғы жылдары дами бастаған тіл білімінің антропологиялық парадигмаға көшу үрдісі "адам-тіл-мәдениет" және "адам-тіл-ойлау" үштігіне сүйенетін гуманитарлық зерттеулердің жаңа бағыттарына жол ашты. Бұған дейінгі салыстырмалы-салғастырмалы түрде жүргізілген зерттеу жұмыстары құрылымдық-мағыналық бағытта ғана қарастырылып келсе, бүгінгі таңда антропоцентристік бағыттағы уақыт көшінде әртүрлі тілдерді салыстыра-салғастыра зерттеу ерекше қызығушылық танытуда. Тілді, тілдік бірліктерді адами факторлармен, адами құндылықтармен бірлікте қарастыру қазіргі тіл білімінің алға тартып отырған басты бағыттарының бірі. Бүгінгі күні адами факторларға ерекше мән беріп, тіл иесінің тілдік бірліктерді дұрыс, ұтымды қолдану, мән-мағыналарын терең түсіну мәселесі ғылыми еңбектерде жиі көтерілуде. Осындай зерттеу жұмыстарында ұлттық құндылықтарға қатысты мәдени деректерге көп көңіл бөлініп, тіл тек тұлғалық (формалық) жағынан ғана емес, сонымен қатар ол мағыналық, ұғымдық, мәдени-концептілік тұрғыдан жиі қарастырылып, талданатын болды. Тілді ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, яғни дүниетанымымен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырылған жағдайда ғана ұлттық тілдің табиғатын шынайы танып білуге жол ашылады.

Ұлт мәдениетінің қай түрінде болмасын, онда сол ұлттың бүкіл таным болмысы мен тұрмыс-тіршілік суреті сақталған. Белгілі бір ұлттың тарихынан, мәдениетінен, таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін тілдік бірліктерге ең алдымен тілдегі фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жатады, себебі бұл тілдік бірліктер белгілі бір ұлттың өзге ұлттардан менталдық айырмашылығын көрсететін, салт-дәстүр ерекшеліктерін білдіретін ұлттық өмір көріністерінің айнасы болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Тұңғышбаева Ғ.Ж. "Прагматика" ұғымының мағынасы мен қолданылу аясы // ҚазҰУ №6 (130). 2010
2. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: 2008.
3. Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығарылатын газет материалдары бойынша). – Фил. ғыл. канд. диссертациясы. – Алматы, 2000.
4. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматилистикасы. – Алматы: Зият-Пресс, 2007.
- 5 Оразбаева Ф. Тілдік коммуникацияның негіздері. Алматы Республикалық баспа кабинеті, 1995
- 5 Пәзіл Ә.Ә. Оқушылардың ауызша сөйлеу қабілетін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: автореферат – Алматы, 2016.

Д 10. Тілдік тұлғаларға лингвомәдени талдау

Когнитивтік лингвистиканың негізгі мәселелерінің бірі – когнитивтік мағына. Тілдік бірліктердің мағынасы адамның ойлау жүйесімен қатар қарастырылады. Бұл бағыттың басты назар аударатын негізгі ұғымдары: «әлем бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі», «әлем моделі» немесе «когнитивтік модель». Когнитивтік мағына тіл арқылы құрылып берілетін танымдық ақпарат ретінде қарастырылады. Когнитивтік семантика – сол тіл арқылы құрылып берілетін адам санасындағы концептуалды білімді таным моделі арқылы зерттейтін ғылым.

Тіл білімінің қазіргі даму кезеңі құрылымы әртүрлі тілдерді салыстыра-салғастыра зерттеуге деген қызығушылықтың артуымен сипатталады және функционалды, прагматикалық, когнитивтік, антропоцентристік, лингвомәдениеттану және басқа да парадигмалардың қатар өмір сүруімен ерекшеленеді. Осы парадигмалардың ортасында жеке тұлға мен адам қызметінің әлеуметтік жағына деген қызығушылықты арттыратын антропоцентрилік әдістеме тұр. Аталған бағыттардың зерттеу нысаны – тіл мен мәдениет.

XX ғасырдың соңғы жылдары дами бастаған тіл білімінің антропологиялық парадигмаға көшу үрдісі "адам-тіл-мәдениет" және "адам-тіл-ойлау" үштігіне сүйенетін гуманитарлық зерттеулердің жаңа бағыттарына жол ашты. Бұған дейінгі салыстырмалы-салғастырмалы түрде жүргізілген зерттеу жұмыстары құрылымдық-мағыналық бағытта ғана қарастырылып келсе, бүгінгі таңда антропоцентристік бағыттағы уақыт көшінде әртүрлі тілдерді салыстыра-салғастыра зерттеу ерекше қызығушылық танытуда. Тілді, тілдік бірліктерді адами факторлармен, адами құндылықтармен бірлікте қарастыру қазіргі тіл білімінің алға тартып отырған басты бағыттарының бірі. Бүгінгі күні адами факторларға ерекше мән беріп, тіл иесінің тілдік бірліктерді дұрыс, ұтымды қолдану, мән-мағыналарын терең түсіну мәселесі ғылыми еңбектерде жиі көтерілуде. Осындай зерттеу жұмыстарында ұлттық құндылықтарға қатысты мәдени деректерге көп көңіл бөлініп, тіл тек тұлғалық (формалық) жағынан ғана емес, сонымен қатар ол мағыналық, ұғымдық, мәдени-концептілік тұрғыдан жиі қарастырылып, талданатын болды. Тілді ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, яғни дүниетанымымен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырылған жағдайда ғана ұлттық тілдің табиғатын шынайы танып білуге жол ашылады.

Ұлт мәдениетінің қай түрінде болмасын, онда сол ұлттың бүкіл таным болмысы мен тұрмыс-тіршілік суреті сақталған. Белгілі бір ұлттың тарихынан, мәдениетінен, таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін тілдік бірліктерге ең алдымен тілдегі фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жатады, себебі бұл тілдік бірліктер белгілі бір ұлттың өзге ұлттардан менталдық айырмашылығын көрсететін, салт-дәстүр ерекшеліктерін білдіретін ұлттық өмір көріністерінің айнасы болып табылады.

Сонымен, тіл – халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі, қадір тұтатын заттары мен құндылықтар дүниесінің, қоршаған ортаның т.б. өмір сүру үлгілерінен хабардар ететін құрал. Мәдениет – адамның тілде көрініс табатын бүкіл рухани өмірі, тәжірибесі.

Халықтың рухани өмірі мен мәдениетінің ұштасқан тәжірибесі әлемнің тілдік бейнесін бойына жинақтаған концептілерде көрініс табады. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі концепт түрлерін салғастыра келе ойсурет, фрейм, схема, сценарий және логикалық-ұғымдық концепт типтерінің екі тілге де ортақ екендігі айқындалды. Жағымды/жағымсыз концептілік өріске енетін фразеологиялық теңеулер әр түрлі атаулар негізінде қалыптасқанымен, фразеологиялық мағыналары көп жағдайда сәйкес болып келеді. Ал олардың мағыналық айырмашылығы теңеу тіркесі диапазонының алшақтығына екі тілдегі фразеологиялық теңеулер құрамында бірдей сөздердің болмауында, сөз компоненттері мазмұнында ұлттық мәдениеттің бейнеленуіне байланысты. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі концепт құрылымына ұғымдық, бағалауыштық, бейнелілік компоненттер тән. Фразеологиялық теңеулер жүйесі екі тілде де әр түрлі бірліктер мен мағыналық аяларды қамтиды. Әр мағыналық өріс микроөрістерге, микроөрістер – қатарларға тармақталып когнитивтік модельдер құрайды.

Әдебиеттер:

1. Тұңғышбаева Ғ.Ж. "Прагматика" ұғымының мағынасы мен қолданылу аясы // ҚазҰУ

№6 (130). 2010

2. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: 2008.
3. Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығарылатын газет материалдары бойынша). – Фил. ғыл. канд. диссертациясы. – Алматы, 2000.
4. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматилистикасы. –Алматы: Зият-Пресс, 2007.
- 5 Оразбаева Ф. Тілдік коммуникацияның негіздері. Алматы Республикалық баспа кабинеті, 1995
- 5 Пәзіл Ә.Ә. Оқушылардың ауызша сөйлеу қабілетін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: автореферат – Алматы, 2016.

Д 11. Жүйелік-құрылымдық парадигма.

Жүйе мен құрылымның ғылым объектісіне айналуы.

«Жүйе», «құрылым» деген терминдерді бұл күнде қолданбайтын ғылым кемде-кем. Қазіргі заман ғалымдарының қай-қайсысы да, өз объектілерінің жүйелік, құрылымдық сипаттарын айқындауды негізгі мақсат деп санайды. Көптеген көрнекті ғалымдар жүйелік құрылымдық зерттеу XX ғасырдың орта тұсындағы ғылымдар дамуының ең басты тенденциясы дегенді айтады.

Жалпы ғылым тұрғысынан алғанда, жүйе деп белгілі тәртіпте бір-бірімен тығыз байланыста, қарым-қатынаста тұратын элементтерден құралған біртұтас объектіні айтады. Жүйе құрамына енетін бөлшектер, тұлғалар жүйе элементтері деп аталады. Жүйе элементтерінің бірлігі — әр түрлі бөлшектердің әлдеқалай бас қосқан тәртіпсіз тобы емес, өзара жымдасып, берік бірлікте, шартты қатынаста тұратын ұйымдасқан тәртіпті бірлік.

Өз объектісін жүйелік, құрылымдық тұрғыдан зерттеу істерімен ғалымдар ертеден бастап-ақ айналысқан, өзге ғылымдарды былай қойғанда тек тіл туралы ғылымның өзін алсақ та, сонау көне заманнан бастап-ақ зерттеушілердің тілді фонетика, морфология, синтаксис т. б. салаларға жіктеп, әр саланы өз алдына қарастырғандары белгілі. Зерттеудің мұндай тәжірибелерінсіз тілді біртұтас жүйе, құрылым деп тану да мүмкін болмас еді. Алайда ол кезде объекті ұсақ элементтерге бөлшектеніп, әрбір элементтердің өзіндік қасиеттері жеке-жеке талданды да, элементтер бірлігіне, олардың арақатынастарына жете мән берілмеді. Жүйе, құрылым деген терминдердің өздері де әр түрлі мағынада түсінілді.

Соның арқасында тіл — элементтері бір-біріне тәуелді, шартты қатынаста тұратын біртұтас объекті деп саналмай, әр түрлі элементтердің кездейсоқ қосындысы, жинағы тәріздес болып көрінді. Бұлар сияқты олқыларды жоюға бағытталған алғашқы қадамдар өткен ғасырда басталғанымен, үстіміздегі ғасырға дейін баяу дамып келді. Тек XX ғасырдың орта тұсынан бастап объектіні жүйелік, құрылымдық бағытта зерттеу мейлінше кең етек алып, зерттеудің көпшілік таныған үстем бағытына айналды.

Әдебиеттер:

1. Тұңғышбаева Ғ.Ж. "Прагматика" ұғымының мағынасы мен қолданылу аясы // ҚазҰУ №6 (130). 2010
2. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: 2008.
3. Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығарылатын газет материалдары бойынша). – Фил. ғыл. канд. диссертациясы. – Алматы, 2000.
4. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматилистикасы. –Алматы: Зият-Пресс, 2007.
- 5 Оразбаева Ф. Тілдік коммуникацияның негіздері. Алматы Республикалық баспа кабинеті, 1995
- 5 Пәзіл Ә.Ә. Оқушылардың ауызша сөйлеу қабілетін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: автореферат – Алматы, 2016.

Д 12. Стереотиптер-бейнелер мен стереотиптер-жағдаяттар

Мәдени стереотип - бұл ойлау мен қабылдаудың, каникулдың бос уақытын, мінез-құлық формаларын тұрақты жаңғырту. Бір жағынан, мәдени стереотип жеке адамға жағдаяттарды бағдарлауға көмектеседі, қалыптасқан алалаушылық түрі жағымсыз рөл атқарады, даму барысында туындайтын қайшылықтарды объективті бағалауға жол бермейді көпшілікпен қарым-қатынас, адамдардың іс-әрекеттерінің екіұштылығы.

Кең мағынада дүниетанымның бөлігі ретіндегі мәдени стереотипті ұжымдық идеялардың тасымалдаушысы, билік қатынастарының ізі, имплициткалық білімнің көрінісі, әлеуметтік практикаға мотивацияның құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға болады. Оның жан-жақты зерттелуі, ең алдымен, мәдениеттану пәнінің ерекшеліктерін зерттей отырып, оған прагматикалық, бейімделуге лайықты білім беруді көздейтін мәдениеттанудың антропологиялық нұсқасы тұрғысынан өзекті болып табылады.

Мәдени стереотиптерді зерттеу, олардың тұрақтылығы, сұрыпталуы қажеттіліктермен байланысты қазіргі өмірәртүрлі жағдайлармен, соның ішінде апаттармен, шектеулі біліммен қалыптасқан «басқа», «басқа мәдениеттің» имиджі тұтастай алғанда, көбінесе шындықтан алшақ, сол сияқты тарихи және мәдени маңызы бар екенін біле отырып шындықтың өзі ... Көпшілігіміз өз тәжірибемізде осы бейнелерді басшылыққа аламыз.

Стереотиптердің барлық тұрақтылығы және бір қарағанда жеткілікті зерттеу үшін оларды әрбір жаңа тарихи дәуірде зерттеу маңызды ғылыми проблема болып табылады, егер дәстүрлі көзқарас пен оның эрозиясы арасындағы шиеленістің үнемі пульсациясы болса, байыту жаңа тарихи фактілер және бұрыннан белгілі фактілерді қайта қарау. Зерттеушілердің осы құбылысқа жеткілікті назар аударғанына қарамастан, стереотиптердің табиғатын, шығу тегі мен қызмет етуін түсіндіру, сондай-ақ «стереотип» терминін түсіну проблемасы болып табылады.

Қазіргі кезде оның мазмұнына қатысты ғылыми ойда бірыңғай пікір жоқ. «Стереотип» термині әр түрлі жағдайда кездеседі, егер ол түсініксіз түрде түсіндірілсе: мінез-құлық стандарты, топтың немесе адамның бейнесі, алалаушылық, клише, мәдени айырмашылықтарға «сезімталдық».

Әдебиеттер:

1. Тұңғышбаева Ғ.Ж. "Прагматика" ұғымының мағынасы мен қолданылу аясы // ҚазҰУ №6 (130). 2010
2. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: 2008.
3. Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығарылатын газет материалдары бойынша). – Фил. ғыл. канд. диссертациясы. – Алматы, 2000.
4. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматилистикасы. –Алматы: Зият-Пресс, 2007.
- 5 Оразбаева Ф. Тілдік коммуникацияның негіздері. Алматы Республикалық баспа кабинеті, 1995
- 5 Пәзіл Ә.Ә. Оқушылардың ауызша сөйлеу қабілетін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: автореферат – Алматы, 2016.

Д 13. Символ стереотиптік мәдени құбылыс ретінде тану

Бастапқыда стереотип термині полиграфия өндірісінде кейінгі көшірмелерін жасау үшін қолданылатын металл тақтаға қатысты қолданылған. Бүгінгі күні стереотип жалпы түсініктер бойынша жалпылау нәтижесінде ақпарат жетіспейтін жағдайда дамитын әлеуметтік объектінің, топтың, адамның, оқиғаның, құбылыстың салыстырмалы түрде тұрақты және жеңілдетілген бейнесі деп түсініледі. жеке тәжірибе қоғамда қабылданған жеке және жиі алдын-ала қабылданған түсініктер.

Оның үстіне стереотиптер көбінесе дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен, мифтермен және рәсімдермен анықталады. Стереотиптердің дәстүрлермен және әдет-ғұрыптармен сөзсіз ұқсастығына қарамастан, стереотиптердің олардан психологиялық негізінен едәуір өзгеше екендігін ескеру қажет.

Стереотиптердің функционалдық өрісі, негізінен, психикалық құрылымдар саласына жатады, ал мәдени дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мен мифтер олардың қалыптасуының объективті нәтижелері болып табылады, рационалдандырылған (идеологиялық, саяси, концептуалды) немесе иррационалды (көркем-поэтикалық, мистикалық-діни) қоғам мүдделі (немесе емес) әдістер мен құралдар.

Басқаша айтқанда, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар объективті жалпы жарамдылығымен, басқаларға ашықтығымен ерекшеленеді, ал стереотиптер жасырын субъективті қатынастардың жемісі болып табылады.

Стереотиптер өзінің табиғаты бойынша жеке адамдардың қарым-қатынасы мен қарым-қатынасының әлеуметтік-психологиялық тәжірибесін жинақтайтын сезімтал боялған бейнелер. Осындай сипатқа ие стереотиптер бірқатар қасиеттерге ие: тұтастық, құндылықты бояу, тұрақтылық, консерватизм, эмоционалдылық, рационалдылық және т.с.с. Осы қасиеттердің арқасында стереотиптер өздерінің әр түрлі функциялары мен міндеттерін орындайды, олар процесс үшін мәдениетаралық коммуникация Мыналар ерекше маңызды:

олардың іс-әрекеттерін олардың нақты әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері туралы дайын және қарапайым ақпарат беру арқылы түсіндіру;

көрегендік әртүрлі формалар байланыс серіктестерінің мінез-құлқы;

сұхбаттасушылар мен серіктестерге қатысты өзінің мінез-құлқының негіздерін қалыптастыру;

дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, әдеттерді, олардың мәдениетін қорғау, өзіндік мәдени топтың кешірім сұрауы;

қоғам мүшелерін тиісті стандарттармен, үлгілермен, мінез-құлық стандарттарымен қамтамасыз ету;

қоғамдағы әлеуметтік-мәдени топтар арасындағы қатынастарды тұрақтандыру және интеграциялау.

Стереотиптер біздің құндылықтар жүйемізге қатаң түрде «енгізілген» бөлігі және біздің қоғамдағы ұстанымдарымызға өзіндік қорғауды қамтамасыз етеді. Осы себепті стереотиптер әр мәдениетаралық жағдайда қолданылады. Мәдениетаралық қабылдау механизмдері отандық мәдениеттің нормалары мен құндылықтарын тандап қолдануға түрткі болады. Өзінің тобы үшін де, басқалары үшін де бағалаудың осы жалпы жалпы мәдени ерекшеліктерін пайдаланбай мәдени топтаронсыз жасау мүмкін емес. Басқа топтың өкілдерін жынысы, этникасы, сөйлеу ерекшеліктері, сыртқы көрініс, терінің түсі, неке салты, діни наным-сенімдер және т.б. мәдени стереотип дәстүрі

Адамның мәдени байланысы мен оған тән мінез ерекшеліктері арасындағы байланыс әдетте адекватты емес. Әр түрлі мәдениеттерге жататын адамдар әлемді басқаша түсінеді, бұл «жалғыз» позициядан коммуникацияны мүмкін емес етеді. Адам өзінің мәдениетінің нормалары мен құндылықтарын басшылыққа ала отырып, қандай фактілерді және қандай тұрғыдан бағалау керектігін өзі анықтайды, бұл біздің басқа мәдениеттер өкілдерімен қарым-қатынасымыздың сипатына айтарлықтай әсер етеді.

Мысалы, әңгіме барысында анимациялық гестикация жасайтын итальяндықтармен қарым-қатынас кезінде басқа қарым-қатынас стиліне үйренген немістер итальяндықтар туралы «тұрақсыз» және «тәртіпсіз» стереотип қалыптастыруы мүмкін. Өз кезегінде, итальяндықтар немістердің «суық» және «ұстамды» деген стереотипін дамыта алады.

Қолдану тәсілдері мен формаларына байланысты стереотиптер коммуникация үшін пайдалы немесе зиянды болуы мүмкін. Стереотип адамдарға жағдайды түсінуге және келесі жағдайларда жаңа жағдайларға сәйкес әрекет етуге көмектеседі:

егер оны саналы түрде ұстанатын болса: жеке тұлға стереотиптің топтың нормалары мен құндылықтарын, топтық белгілері мен ерекшеліктерін бейнелейтінін, белгілі бір топқа жеке адамға тән қасиеттерді көрсетпейтінін түсінуі керек;

егер стереотип сипаттамалық емес, сипаттайтын болса: бұл стереотиптерде осы топтағы адамдардың нақты және объективті қасиеттері мен қасиеттерінің көрінісін болжайды, бірақ оларды жақсы немесе жаман деп бағалауды қажет етпейді;

егер стереотип дәл болса: бұл стереотип адам жататын топтың сипаттамалары мен белгілерін жеткілікті түрде білдіруі керек дегенді білдіреді;

егер стереотип тек топ туралы болжам болса, бірақ ол туралы тікелей ақпарат емес болса: бұл топ туралы алғашқы әсер әрдайым берілген топтың барлық индивидтері туралы сенімді білім бермейді дегенді білдіреді;

Әдебиеттер:

1. Тұңғышбаева Ғ.Ж. "Прагматика" ұғымының мағынасы мен қолданылу аясы // ҚазҰУ №6 (130). 2010
2. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: 2008.
3. Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығарылатын газет материалдары бойынша). – Фил. ғыл. канд. диссертациясы. – Алматы, 2000.
4. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматилистикасы. – Алматы: Зият-Пресс, 2007.
- 5 Оразбаева Ф. Тілдік коммуникацияның негіздері. Алматы Республикалық баспа кабинеті, 1995
- 5 Пәзіл Ә.Ә. Оқушылардың ауызша сөйлеу қабілетін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: автореферат – Алматы, 2016.

Д 14. Мәдениет пен тілдегі адамның болмысы.

Қазіргі тіл біліміндегі зерттеулерде қарастырылып жүрген жаңа бағыттың бірі тіл мен мәдениет байланысына арналған. Көптеген зерттеу еңбектерінде тілдегі ұлттық танымды, ұлттық рухты, ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған жұмыстар сөз болып келеді. Бірқатар зерттеушілер тіл – мәдениетті танытушы құрал ғана емес, тілдің бойын-да оның (мәдениеттің) арқауын құрап, негізін қалайтын ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш. Ұлттық мәдениеттің тірегі тілде. Қазақ халқының этностық, ұлттық мәдениеті, негізінен тілде көрініс тапқан. Осы орайда тіл – ұлттық болмысымен қалыптасқан төл мәдениетіміз сақталған негізгі көздердің бірі екенін айтады. Біздіңше, сонымен қатар тіл – мәдени мұраларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырушы құрал. Тілші-ғалым Ә.Қайдар: «Кез келген тілдің қоғамда өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Оның басты қызметі – коммуникативтік, яғни қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсінуі, пікір алысуы үшін қажетті қызметі. Оның екінші қызметі – көркем шығарма тіліне тән, адам баласына образ арқылы ерекше әсер ететін, ләззат сыйлайтын эстетикалық қызметі. Тілдің бұл қызметі, әрине қаламгердің шеберлігіне, сөз саптау мәдениетіне тікелей байланыс-ты. Ал тілдің үшінші бір қызметі, ғылыми терминмен айтқанда аккумулятивтік қызметі деп аталады. Ол – тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сөйтіп оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын қасиеті...тіл фактілері мен деректері – тұла бойы тұнып тұрған тарих. Сондықтан этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын біз ең алдымен содан іздеуіміз керек» дейді. Олай болса, мәдениет пен тілдің бір-бірімен байланысы күрделі, өте тығыз. Мәдениет адам қолымен жасалатын материалдық құндылық болғандықтан, ол таза табиғи үдеріс

ретінде таныла алмайды. Себебі тіл адам баласына берілген рухани құндылық. Бір қырынан алғанда, мәдениет пен тілдің байланысы мазмұн мен пішіннің байланысы секілді. Тіл – мәдениеттің өмір сүру формасы болса, мәдениет – оның ішкі мазмұны. Сондықтан да, тіл мен мәдениетті бір-бірімен бөліп қарауға болмайтын құбылыс деуімізге болады. Тіл қоғамдық үдеріс болғандықтан, антропонимия саласындағы сөздер де қоғамның өсу, дамуымен байланысты өзгеріп, мағыналық тұрғыдан жаңарып отырады. Антропонимдердің құрамында көне дәуірден келе жатқан ескі атаулармен бірге жаңа кезеңде пайда болғандары да басым болып келеді. Антропонимдер бойында жеке сөздер тарихы ғана емес, халық тарихы, халық этнографиясының қат-қабат іздері, ұлттық мәдениет жатыр. Ономаст-ғалым А.Жартыбаев: «Бүгінгі таңда тіл білімінің дамуы түрлі бағыттармен ерекшеленуде, яғни лингвистика бірнеше бағыттағы лингвистикалық зерттеулер ағымдарын біріктіретін антропоцентристік ұстаным арқылы өрісін кең жайып, даму үстінде. Тіл бірліктерінің сан салалы қызметін, лингвомәдени табиғатын, тілдің санамен, таным үрдістерімен байланысын, көрінісін адаммен, яғни белгілі бір этникалық қауым өкілімен қатысты қарастыру қазіргі тілтанымның басты, үстем бағыты, ұстанымы екендігі анық» деп жазады. Тілді ішкі жүйелік талдаудан антропо-центрис-тік талдауға көшу XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы тіл білімінің есте қаларлықтай ерекшеліктерінің бірі болып табылады, өйткені тілдік құбылыстарды зерттеуде лингвистика тек қана тілдік, атап айтқанда адамдардың бір-бірімен пікір алысып өзара түсінісуі, дыбыстық, сөз құрамы және грамматикалық тәсіл жүйесімен шектеліп қала алмайды. Қазіргі лингвистикалық зерттеулер объективтік шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға тән ең жоғарғы формасы оның ақыл-ойы, санасы, ойлауы, рухани ішкі дүниесімен тығыз байланыста зерттеуге бағытталады. «Адам және тіл» мәселесі мол өзектілікке ие, өйткені тілді адекватты зерттеу ісі тілдің өз шеңберінен шығып, табиғат пен қоғамдағы белгілі бір ортада өмір сүретіндердің тобына жүгінгенде ғана толық мүмкіндікке ие болмақ» (Б.Тілеубердиев «Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері»). Иә, әрбір атаудың мән-мағынасында халқымыздың тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, ырымы, наным-сенімі, т.б. жат-қандығын көреміз. Мұның өзі қазақ халқының «ғаламның тілдік бейнесін» жасаудағы танымдық ой-пікірін, дүниеге көзқарасын, болмыс-бітімін танытады. Ғаламның тілдік бейнесі, ұлттық болмысы әр этноста әртүрлі болуы этностың тәжірибесімен, білімімен байланысты екені сөзсіз. Өйткені тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен байланысында ғана емес, адамның өмірден көрген-білгені, көңілге түйгені білімнің негізі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Тұңғышбаева Ғ.Ж. "Прагматика" ұғымының мағынасы мен қолданылу аясы // ҚазҰУ №6 (130). 2010
2. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: 2008.
3. Жаксыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығарылатын газет материалдары бойынша). – Фил. ғыл. канд. диссертациясы. – Алматы, 2000.
4. Өлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматилистикасы. –Алматы: Зият-Пресс, 2007.
- 5 Оразбаева Ф. Тілдік коммуникацияның негіздері. Алматы Республикалық баспа кабинеті, 1995
- 5 Пәзіл Ә.Ә. Оқушылардың ауызша сөйлеу қабілетін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: автореферат – Алматы, 2016.

Д 15. Символ мәдени құбылыс ретінде. Стереотип тіл және сөйлеу құбылысы ретінде қарастыру.

Ш.Ш. Уәлиханов тілде бүкіл халық рухы көрініс табады; «Халықтың рухы дегеніміз, оның ақыл-ой әлеміндегі жетістігі», - деп асқан кемеңгерлікпен тұжырымдаған еді. [119,554]

Тіл мен ұлттық рухтың бір-бірімен байланысы В.фон Гумбольдт еңбекерінен астау алып, өз жалғасын Г.Штейнталь, М.Лацарус, В.Вундт, А.А.Потебня еңбектерінен табады. Ғалымның бұл

бағыттағы тұжырымдамалары хронологиялық тұрғысынан қазіргі заманға сай болмаса да, теория тұрғысынан қазіргі заманға үндесетіні анық.

Соның ішінде тіл біліміндегі қазіргі зерттеулер өзегі - В.фон Гумбольдт тұжырымы. Оған сүйенсек «Тіл бір жағынан қарағанда ішкі болмыстың бір мүшесі іспетті.

Тіл өзінің түбірімен халық рухымен байланысты, халықтың рухы қалай тілге өз әсерін тигізсе, оның дамуы мен баю қарқыны да соған байланысты. Тіл халық рухының сыртқы бейнесі іспетті. Халық тілі оның рухы, халық рухы - оның тілі т.б. Оларды бір-бірінен бөліп қарастыру мүмкін емес». [19,89].

Демек тілдің ұлттық рухты арқалап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын құдіретті күш екені, рухтың өзін-өзі тануы, әлемді тануы және ойлауы қазіргі танымдық лингвистикада анықталған. Себебі, тіл және ұлттық рух негізінде адамзат қауымы қалыптасып, белгілі бір этникалық топ құрайды.

Сол этникалық топқа тән мінез-құлық, этностық таным мен көзқарас, наным-сенім, салт-дәстүр, ұлттық рухпен суарылып, соның айғағы, айқын бейнесі ретінде көрініс табады. Демек рухани мәдениет - халық болмысы мен оның өмір сүріп отырған қоғамының үндестік символы.

Бұл мәдениет А.Н.Гумилев айтқандай терең тамырлы және көне дәстүрлерге ие. Халықтың осы салт-дәстүр, әдет-ғұрпы - рухани мәдениет негізі. Бұлар белгілі бір жүйені құрайды. Осы жүйе арқылы белгілі бір ой, сезім іс-әрекет көрініс тауып, дәстүрдің, тұрмыс-салттың мақсаты мен мәнін айқындайды. Ойымызды Э.Сепирдің; «Этностың дүниені тіл арқылы тануы оның салт-дәстүр, этнография, мифология, т.б. символдық қасиетімен байланысты», - деген ғылыми тұжырымы ұштай түседі. [125,58]

Әрбір салт-дәстүрде әлем өзінің бірлігі мен бүтіндігінде көрінуі қажет. Әрбір рәсімде қолданылатын барлық амал-тәсілдер осыған бағытталады. Ондағы әрбір тіл (сөз, ым, әрекет, зат т.б.) әлем туралы белгілі бір хабарды береді. Белгілі бір идеяны, түсінікті, құндылықты білдіру үшін қолданылады.

«Көрінбейтін» идеяларға бақсақ дүние туралы түсініктер және өмірдегі биік құндылықтар, мысалы тағдыр, сәттілік, ұрпақ жалғастыру, баянды бақыт, ұзақ өмір т.б. жатады. Бұлардың барлығы көшпенді үшін ұрпағының әлеуметтенуіне, этностың тұрақтылығының сақталуына әсер етеді.

Басқаша айтқанда ұлтөмірінің мәңгілігін қамтамасыз етуге ұмтылады, бағытталады. Демек рухани мәдениет негізінде «ұлттық рух» ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп, «ұлттық рух» символдау қызметін атқарады.

Әдебиеттер:

1. Тұңғышбаева Ғ.Ж. "Прагматика" ұғымының мағынасы мен қолданылу аясы // ҚазҰУ №6 (130). 2010
2. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: 2008.
3. Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығарылатын газет материалдары бойынша). – Фил. ғыл. канд. диссертациясы. – Алматы, 2000.
4. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматистикасы. – Алматы: Зият-Пресс, 2007.
- 5 Оразбаева Ф. Тілдік коммуникацияның негіздері. Алматы Республикалық баспа кабинеті, 1995
- 5 Пәзіл Ә.Ә. Оқушылардың ауызша сөйлеу қабілетін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: автореферат – Алматы, 2016.